



**Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру және есептеу ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 шілдедегі N 780 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1307 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.28. N 1307 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Өзгерту енгізу көзделген - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 352 (2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру және есептеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 1 ш і л д е д е г і

N 7 8 0 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру және есептеу ережесі**

Осы Ереже "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес

әзірленді және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттырудың және есептеудің тәртібін айқындайды.

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (бұдан әрі - Қор) - әлеуметтік аударымдарды жинауды және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы болған асыраушысынан айрылған жағдайда оның асырауындағы отбасы мүшелерін қоса алғанда, оған қатысты әлеуметтік қатер жағдайы басталған міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға төлемдер төлеуді жүргізетін заңды тұлға;

2) асыраушы - өзінің асырауындағы отбасының еңбекке жарамсыз мүшелерін өз табысының есебінен ұстап отырған адам;

3) әлеуметтік төлемдер мөлшерін айқындау (есептеу) - әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік төлемдердің есебі жөніндегі уәкілетті ұйымның және әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті органның міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының орташа айлық табысын және тиісті табысты алмастыру, асырауындағылар санының, қатысу стажының, еңбек ету қабілетінен айрылу коэффициенттерін ескере отырып, әлеуметтік қатердің түріне қарай әлеуметтік төлемдердің ай сайынғы мөлшерін есептеуді жүзеге асыру тәртібі;

4) әлеуметтік төлемді алушы (бұдан әрі - алушы) - ол үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген не оларды Қорға төлеп отырған және оған қатысты әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік төлемдерді тағайындау туралы шешім шығарған жеке тұлға ал ол үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы болып табылатын адам қайтыс болған жағдайда - қайтыс болған (сот оны хабарсыз кеткен немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасының мүшелері;

5) әлеуметтік төлемдер - Қор алушының пайдасына жүзеге асыратын ай сайынғы төлемдер;

6) әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік төлемдерді есепке алу жөніндегі уәкілетті ұйым - Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық (бұдан әрі - Орталық) - өңірлерде құрылымдық бөлімшелері бар, міндетті әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік төлемдерді аударуды жүзеге асыратын, әлеуметтік аударымдар мен төлемдердің дербестендірілген, орталықтандырылған есебін жүргізетін мемлекеттік кәсіпорын;

7) әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган - халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган және оның аумақтық бөлімшелері.

## **2. Әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру тәртібі**

2. Әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру Қор активтерінің есебінен жүргізіледі.

3. Әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру туралы шешімді Қор қабылдайды.

4. Орталық Қор қабылдаған шешімнің негізінде әрбір әлеуметтік төлем алушы бойынша әлеуметтік төлемдерді арттырумен байланысты әлеуметтік төлемдердің мөлшерін өзгерту туралы шешімдердің жобаларын әзірлейді және оларды бекіту үшін әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

5. Әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті орган 10-күндік мерзімде әрбір алушы бойынша арттырумен байланысты әлеуметтік төлемдердің мөлшерін өзгерту туралы шешімдердің жобаларын бекітеді және төлемдерді жүзеге асыру үшін оларды Орталыққа жібереді.

6. Арттырумен байланысты, әрбір алушы бойынша әлеуметтік төлемдер мөлшерінің өзгеруі туралы әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті орган бекіткен шешімдердің негізінде Қор әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру үшін қажетті қаражатты Орталықтың шотына аударуды жүргізеді.

7. Орталық жүргізілген арттыруды ескере отырып, әлеуметтік төлемдерді Орталық пен Қор арасында белгіленген төлемдер кестесіне сәйкес төлейді.

## **3. Еңбек ету қабілетінен айрылған, асыраушысынан айрылған және жұмысынан айрылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдер мөлшерін есептеудің тәртібі**

8. Әлеуметтік төлем алуға құқығы бар адамдар Орталықтың құрылымдық бөлімшелеріне Заңда белгіленген тәртіппен барлық қажетті құжаттарды қоса бере отырып өтінішпен барады.

9. Орталық ұсынылған құжаттардың негізінде 5 күндік мерзімде:

1) әрбір әлеуметтік төлем алушы бойынша әлеуметтік төлем алушы ісінің мәкетін қалыптастырады;

2) алушының міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу стажының ұзақтығын растайтын анықтаманы (1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) толтырады;

3) әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептейді;

4) әлеуметтік төлемді тағайындау (немесе тағайындаудан бас тарту) туралы шешімнің жобасын толтырады (2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) және оларды бекіту үшін әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

10. Еңбек ету қабілетінен айрылған, асыраушысынан айрылған және жұмысынан айрылған жағдайда ай сайынғы әлеуметтік төлемдердің мөлшерін анықтаудың тәртібі Заңмен белгіленеді.

11. Әлеуметтік төлем мөлшерінің артуына, еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесінің, әлеуметтік төлеммен қамтамасыз етілетін асырауындағылар санының және қатысу стажының өзгеруіне байланысты әлеуметтік төлемнің мөлшерін өзгерту туралы шешімнің жобасын Орталықтың құрылымдық бөлімшелері әзірлейді және ол әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органның шешімімен бекітіледі.

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізіледі - ҚР Үкіметінің 2007.04.30. N 352 (2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

### **Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу стажы туралы Анықтама**

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық бөлімшесінің атауы

Жеке шоты N \_\_\_\_\_  
ӘЖК \_\_\_\_\_

Т.А.Ә.

Жұмыс берушінің атауы	Жарналар
	күні   сомасы

Жиыны:

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысудың жалпы стажы

(жазумен)

Жауапты орындаушы:

Көшірменің күні мен уақыты

Басып шығарған күні

2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізіледі - ҚР Үкіметінің 2007.04.30. N 352 (2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Коды | \_\_\_\_\_ |

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің \_\_\_\_\_ облысы бойынша департаментінің \_\_\_\_\_

(төлем түрі көрсетілсін)

әлеуметтік төлемді тағайындау (немесе тағайындаудан бас тарту) туралы

200\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ N \_\_ Шешімі

1. "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының бабына сәйкес тағайындалсын:

Тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты \_\_\_\_\_

Туған жылы \_\_\_\_\_ жынысы \_\_\_\_\_

(күні, айы, жылы) (әйел, ер адам)

Мекен-жайы (нақты) \_\_\_\_\_

Жеке басының куәлігі N \_\_\_\_\_ " \_\_ " \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж.

Кім берді \_\_\_\_\_

Әлеуметтік жеке коды (ӘЖК) |\_\_|\_\_|\_\_|\_\_|\_\_|\_\_|\_\_|\_\_|\_\_|\_\_|

Салық төлеушінің тіркеу нөмері (СТН) \_\_\_\_\_

Өтініш берген күні: |\_\_|\_\_|\_\_|\_\_|\_\_|\_\_|

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне 200\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

Жалпы қатысу стажы \_\_\_\_\_ жыл \_\_\_\_\_ ай \_\_\_\_\_ күн

**Әлеуметтік төлемнің мөлшері** \_\_\_\_\_

(төлем түрі көрсетілсін)

200\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ бастап 200\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ қоса алғанда  
\_\_\_\_\_ сомасында

(сомасы цифрмен және жазумен)

2. \_\_\_\_\_

(себебі көрсетілсін)

\_\_\_\_\_ себебі бойынша әлеуметтік төлем тағайындаудан бас тартылсын

М.О. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі аумақтық департаментінің директоры

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)

Орындаушы \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)

М.О. ЗТМО бөлімшесінің бастығы \_\_\_\_\_  
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК